



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

елдерде ауылшаруашылық кооперативтері фермерлер үшін қаржылық және іскерлік функцияларды атқарады. Ауылшаруашылық кооперативтер ұжымдық сатып алу мен маркетинг жолымен әділ нарықтық бағаны белгілеуде маңызды рөл атқарады. Ауылшаруашылық кооперативтер фермерлерге ұтымды қаржыландыруды қамтамасыз ететін несиелік қызметтерді ұсынады. Оның мақсаты - лайықты проценттік ставкаға сәйкес фермерлер үшін қаржыландыруға еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл фермерлер мен агрокомпанияларды ауыл шаруашылығына бөлетін инвестицияларын көбейтуге ынталандыру үшін қажет. Сонымен қатар ауылшаруашылық кооперативтері фермерлерге ауылшаруашылық технологияларына, маркетингке және фермерлік шаруашылықты басқаруға үйрету секілді ақпараттық қызметті көрсетеді. Осылайша ұлттық желіні құру мақсатында үкімет ауылшаруашылық кооперативтері мен фермерлік ассоциацияны құруды қолдауы қажет [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұратқызы, Қ. (2011). Ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп көтеруге мүмкіндік мол. «Экономика» газеті, №49(221).
2. ҚР АШМ-де ауыл шаруашылық кооперациясы туралы заң жобасы ұсынылды. http://www.kazagro.kz/kk/web/kam/about;jsessionid=B5DDFA324EA7353A6A277421A556CD35?p_p_state=maximized&idNews=698&p_p_lifecycle=0&p_p_id=newsportlet_WAR_newsportlet&d-16544-p=3&action=showNewsFull&p_p_mode=view
3. Әкімбекова, Ғ. (2013). Ауылшаруашылық кооперациясы туралы бірыңғай заң керек. http://old.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=19551
4. Шилова, Н.П. (2012). Понятие и классификация кооперативов в трудах отечественных кооператоров: историко-правовой анализ. www.rae.ru/fs/?section=content&op=show_article&article_id=9999967
5. Шилова, Н.П. (2013). Современные юридические модели регулирования создания и деятельности кооперативов в зарубежных странах. <http://www.center-bereg.ru/b2026.html>
6. Воронина, Н.П. (2013). Правовая модель кооперативов «нового типа» в странах Центральной и Восточной Европы. http://e-notabene.ru/lr/article_10028.html
7. Джонгбин, И., Ючеул, С., Сенгхван, Ч., Медетбекова Д. (2008). Стратегии в сельскохозяйственном секторе по вступлению Казахстана в ВТО: уроки корейского опыта. www.wto.kz/documents/Files/.../Agri_final_report_RU_updated.pdf

УДК 551.588.7(574)

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Наубаева Гүлшат Боранбайқызы

gulshat-ai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Шарапатова Г.С.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік туралы сұрақтар эколог ғалымдардың үнемі назарында және ғылыми әдебиеттерде кең айтылған. Дегенмен де заң ғылымында экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке бірыңғай анықтама жоқ. М.М. Бринчук экологиялық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік деп «мемлекет атынан әрекет ететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті органдар, құқық қорғау органдары және өзге де уәкілетті субъектілер мен экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлға (жеке, заңды немесе лауазымды) арасындағы қатынасты» түсінеді [1]. С.Д. Бекішева экологиялық жауапкершілікті объективтік және

субъективтік мағынада қарастырады. Объективтік мағынадағы экологиялық жауапкершілік экологиялық зиянды ескерту мен өтеу, сондай-ақ экологиялық заңнамаларды бұзушыларды жазалау бойынша қатынастарды реттейтін нормалардан тұратын құқықтық институт. Субъективтік мағынадағы экологиялық жауапкершілік – субъектке келтірілген экологиялық зиян немесе нақты қауіп келтірілгенде болатын жағымсыз нәтижелерді өткеру бойынша заңнамада көрсетілген міндеттер. Сондай-ақ, экологиялық жауапкершілікті екі нысанға – экология-экономикалық және экологиялық-құқықтық деп бөліп қарастырады. Экология-экономикалық жауапкершілік – құқықтық әрекеттермен келтірілген экологиялық зиянды өтеу бойынша заңда көрсетілген жауапкершілік. Экологиялық зиян үшін жауапкершілік қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер алумен көрінеді. Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – экологиялық заңнамалар талаптарын бұзу кезінде орын алатын жағымсыз нәтижелерге ұшырау бойынша заңнамада көзделген міндеттер [2]. Біздің ойымызша, экологиялық-құқықтық жауапкершілік туралы айту ерте, себебі ол әлі де болса заңнамада қарастырылмаған. Сондықтан экологиялық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық жауапкершіліктің дәстүрлі түрлерінің шегінде қарастыру керек. Бұндай қорытынды үшін мәнді теориялық негіздеме жоқ деп есептейтін С.А. Боголюбовтың пікірімен келісуге болады. Қарастырылып отырған салаға құқықтық жауапкершілік жүктеуге экологиялық құқық бұзушылық негіз болып табылады. ҚР Экологиялық кодексінің 319-бабына сәйкес, экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлтік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 3) экологиялық қылмыстар жатады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады (ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабы) [3]. Л.К. Еркінбаева мен С.Д. Бекішеваның пікірі бойынша экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде әлсіз қарастырылған. Біріншіден, жауапкершілікке тарту үшін барлық негіздер көрсетілмеген. Екіншіден, жауапкершіліктің барлық түрлері қарастырылмаған. Тәртіптік жауапкершілік туралы айтылмаған. Үшіншіден, адамдардың денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы мәселелер толық шешілмеген. Бұл жерде экологиялық жағымсыз жағдайдың әсерінен болатын антропогендік және генетикалық зияндар туралы сөз болып отыр [4]. Тәртіптік жауапкершілік. ҚР экологиялық заңнамасында жауапкершілікке тарту үшін барлық негіздер көрсетілмеген деген Л.К. Еркінбаева мен С.Д. Бекішеваның пікірімен келісуге болады. Себебі экологиялық заңнамада экологиялық құқық бұзушылықтың барлық түрлері қарастырылмаған және тәртіптік жауапкершілік туралы айтылмаған. Осы тұрғыда өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік мәселелерін реттейтін Украина заңнамасын қарастырып өтсек. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің жалпы ережелері «Қалдықтар туралы» Украина заңының 42-бабында және «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңның 68-бабында көрсетілген. Сонымен, аталған саладағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Украина заңнамасына сәйкес, Украинаның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда тұлға әкімшілік жауапкершілікке, ал қылмыстық құқық бұзушылық үшін тек Украинаның Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады. Өз кезегінде тұлға еңбек қызметімен байланысты заңнамадағы кез келген құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауапкершілікке, ал азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тұлға келесі адамның құқығын заңсыз бұзған жағдайда тартылады. 5 шілде 2014 жылы Президент қол қойған, 2015 жылдың қаңтар айында күшіне енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жобасының тұжырымдамасында тәртіптік және азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде қарауға болатын баптарды кодекстен алып тастау ұсынылған. Бұл тұрғыда ҚР ЭК 319-бабына құқықтық жауапкершіліктің басталуының негізінің бірі ретінде тәртіптік қылықты да енгізу қажеттігі туындайды. Қызметкер өзінің еңбек міндеттерін атқару кезінде

жасаған экологиялық құқық бұзушылықтар үшін ғана тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл құқық бұзушылық түрінің объектісі екі жақты – ішкі еңбек қатынасы және қоршаған орта. ҚР Еңбек кодексінің 72-бабына сәйкес, қызметкер тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші мынадай тәртіптік жазалар түрлерін қолдануға құқылы: 1) ескерту; 2) сөгіс; 3) қатаң сөгіс; 4) Еңбек кодексінде белгіленген жағдайларда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу [5]. Айта кететін жайт, ҚР Еңбек кодексі тәртіптік жазаларды қолдануға болатын тәртіптік теріс қылықтардың құрамын нақты бекітпейді. Әкімшілік жауапкершілік. Өзге құқық бұзушылықтармен салыстырғанда ең кең тарағаны - әкімшілік құқық бұзушылықтар. Құқық бұзушылықтың нақты құрамдары 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген. Олардың қатарына келесі нормаларды жатқызуға болады: жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттарды, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық және қадағалау органдарының бақылауындағы өнеркәсіп салалары мен объектілердегі өзге де экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтарды өндіру, сақтау, көму, жою, пайдалану, кәдеге асыру, тасымалдау немесе өзгедей айналысу ережелерін бұзу (220-бап, 1т.). қоршаған ортаны қорғауды және табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық заңдарының орындалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органдарға ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру және қоршаған ортаға басқа да зиянды апаттық әсері туралы хабарламау немесе бұрмаланаған ақпарат беру (242- бап). қоршаған ортаға экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі не экологиялық рұқсаттың болмауы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса (243-бап). өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау ережелерін бұзу, аталған қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау (249-бап). өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, сондай-ақ сарқынды суды ағызып жіберу талаптарын бұзу (261-бап). өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге асыру және залалсыздандыру ережелерін бұзу (270-бап). ормандардың қурап қалуына немесе ауруға шалдығуына не ластануына ұшырататын сарқынды сулармен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және тұрмыстық төгінділермен, қалдықтармен және тастандылармен орманды бүлдіру (289-бап) [6]. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктің сипаттамасында келесі жағдайларға назар аударған жөн. Біріншіден, бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің көптеген баптарының (220-баптың 1 т.;249-бап; 261-бап; 270-бап; 304- баптың 1 б.) диспозициясы сілтемелі болып отыр. Нәтижесінде тұлға заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген нормаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Аталған ереже адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңмен шектелуі мүмкін деген ҚР Конституциясының 39-бабының 1-тармағына қайшы келеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 2 Нормативтік қаулысында: «адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып және заң ережелерін өзінше пайымдау мүмкіндігін жоққа шығара отырып, заңдылы мінез-құлықты заңсыздығынан мейлінше айқындықпен ажыратуға мүмкіндік беретін түсінікті өлшемдерге негізделуге тиіс» делінген. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік. Аталған жауапкершілік түрінің мәні құқықтық экологиялық талаптарды бұзу нәтижесінде жәбірленуші тарапқа келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды құқық бұзушыға өтеттіру жауапкершілігін жүктеу болып табылады. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс [3]. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ерекшелігі ретінде оның өзге жауапкершілік түрлерімен - тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық қатар қолданыла беретіндігін айтуға болады. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабында

экологиялық заңнаманы бұзудан келтірілген зиянды өтеу міндетті екендігі көрсетілген. Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды Экологиялық кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті. Мыналардың: 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің; 2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың; 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың; 4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс. Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеуі ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындар, аурудың күтіміне байланысты шығындар, өзге де шығыстар мен жоғалтулар ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс (ҚР Экологиялық кодексі 321-бабы) [3]. Сонымен бірге, ҚР Экологиялық кодексі 321-бабының 7,8-тармақшаларына сәйкес жер бетінің, жер қойнауының және жерасты суларының ластануын болғызбайтын, қалдықтарды орналастыру және сарқынды суды ағызу үшін жабдықталған және соған арналған объектілерге қалдықтарды нормативтен тыс орналастыру жағдайлары және ластаушы заттарды нормативтен тыс ағызу жағдайлары, химиялық заттардың жер бетіне, жер қойнауына және жерасты суларына түсуін болғызбайтын қорғаныш құрылыстарымен шектелген өндірістік алаңдарға түсу немесе оларға сарқынды судың төгілу жағдайлары қоршаған ортаға залал ретінде қарастырылмайды. Лимиттен тыс және өз бетімен эмиссияны жүзеге асырғандығы үшін табиғат пайдаланушылар құқықтық жауапкершілікке үш рет тартылып жүргендігі туралы мәселені қазіргі таңда ғалымдар мен табиғат пайдаланушылар жиі қозғап жүр, ол: -Салық заңнамасы (эмиссия үшін 10 еселенген ставкалы төлем) -Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама (эмиссия үшін 1000 % ставкалы төлем) -Экологиялық заңнама (көтерілетін 10 коэффициенті бар зиянды экономикалық бағалаудың жанама әдісін қолдана отырып залалды өтеу). Қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстық жауапкершілікке әрекетінде қоғамға қауіпті белгісі бар табиғи және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян тигізгені үшін кінәлі тұлғалар тартылады. Қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болып тұлғаның қылмыс жасауы табылады. Осы уақытқа дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде экологиялық қылмыстың 18 құрамы белгіленген. Бұлардың ішінде тақырыпқа сай келетін мынадай қылмыс түрлері бар: шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы (277-бап); ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы (278-бап); микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы (279-бап); суларды ластау, бітеу және сарқу (281-бап); атмосфераны ластау (282-бап); теңіз аясын ластау (283-бап); жерді бүлдіру (285-бап); экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау (294-бап) [7]. Көптеген елдердің қылмыстық заңнамаларымен салыстырғанда ҚР Қылмыстық кодексі қалдықтармен жұмыс істеу саласында арнайы қылмыс құрамдардың қарастырмайды. ТМД елдерінің қылмыстық кодекстеріне жүргізілген зерттеудің нәтижесінде, тек Қазақстан мен Өзбекістан елдерін қоспағанда, қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғандығына көз жеткіздік. ТМД көптеген елдерінің қылмыстық заңнамасы бойынша тұлға қауіпті қалдықтардың тиым салынған түрлерін өндіру, бекітілген ережелерді бұза отырып радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттар мен қалдықтарды тасымалдағаны, сақтағаны, көмгені, пайдаланғаны немесе өзге де қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады (Ресей Федерациясының ҚК 247-бабы, 1т., Беларусь Республикасы ҚК 278-бап, 1 т., Молдова Республикасы ҚК 224-бап, 1т., Тәжікстан

Республикасы 223-бап, 1т., Әзірбайжан Республикасы 248-бап, 1т., Қырғызстан Республикасы 266-бап, 1т., Түркіменстан Республикасы 312-бап, 1т.). Осы жерде қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қылмыстар үшін РФ қылмыстық жауапкершілікті тереңірек қарастырып өтсек. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік РФ Қылмыстық кодексінің «Экологиялық қылмыстар» деп аталатын 26 тарауында қарастырылған. РФ ҚК 247-бабы «Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін бұзу» деген қылмыстың арнайы құрамын қамтиды. Аталған баптың бірінші бөлігінде тұлға қауіпті қалдықтардың тиым салынған түрлерін өндіру, бекітілген ережелерді бұза отырып радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттар мен қалдықтарды тасымалдағаны, сақтағаны, көмгені, пайдаланғаны немесе өзге де қолданғаны үшін, егер осы әрекеттері адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға айтарлықтай зиян әкелсе, қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы айтылған. Екінші бөлігі – сол әрекеттер қоршаған ортаның ластануына, улануына әкелсе, адамның денсаулығына зиян немесе жануарлардың жаппай қырылуына әкеліп соқса, үшінші бөлігі – егер бірінші және екінші бөліктерде көзделген әрекеттер абайсыздан адамның өліміне немесе адамдардың жаппай ауруға шалдығуына әкелсе қылмыстық жауапкершілік жүктейді. Қазақстанда экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайы мәз емес. Экологиялық заңнаманы бұзумен байланысты қаралған істердің пайыздық көрсеткіші төмен. ҚР Қылмыстық кодексінде қарастырылған экологиялық қылмыстардың барлығы дерлік жұмыс істемейді. Мәселен, 2008 жылы Қарағанды обылысы бойынша қозғалған қылмыстық істердің саны 8 (олардың 4 – өткен жылдан қалған істер). Солардың ішінде ҚР ҚК 285-бабы бойынша – 1 іс, ҚР ҚК 288-бабы бойынша – 3 [8]. Елімізде орын алып жатқан экологиялық құқық бұзушылықтардың саны шын мәнінде анықталғандарынан да бірнеше есе көп. Табиғи ортаны ластаумен қылмыстық құқықтық күрес қанағаттанарлықтай жүргізілмейтіндігінің негізгі себептерін төмендегіше көрсететін ресей ғалымдарының пікірлерімен келісуге болады деп есептейміз: а) аталған категория бойынша істерді қарау арнайы білімді, бірнеше қымбат сараптамаларды тағайындауды (жүргізу үшін қаражат бөлінбейтін) талап етеді; б) тергеу органдарының қызметкерлерінде қажетті кәсіби шеберліктің болмауы; в) экологиялық қылмыстарды тергеу бойынша әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етілмеу; г) РФ ҚК «Экологиялық қылмыстар» деген 26 тарауының кейбір баптарын практикада қолданудың қиындығы [9]. Жоғары да айтып кеткеніміздей, ҚР қолданыстағы Қылмыстық кодексінде экологиямен байланысты қылмыстың 18 құрамы көрсетілген. Осы 15 жылдан артық уақыттай қолданыста болған ҚР ҚК экологиялық қылмыстарға байланысты баптардың диспозициясы мүлдем өзгермеген. Ал, еліміздің экологиялық жағдайы болса жыл сайын өзгеріп, нашарлау үстінде. Қоршаған ортаға шараушылық әсер етудің көлемі ұлғайды, оны ластаудың жаңа көздері пайда болды. Соңғы кездері елімізге шетелден улы, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды заңсыз әкелу қауіпі өсіп жатыр. Қазір Қазақстанды «халықаралық мола» деп атайды, себебі бұнда дүние жүзіндегі атомдық держава елдерінің барлығының дерлік радиоактивті қалдықтары көмілген. 29 наурыз 2012 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «2013-2014 ж. ҚР Үкіметінің заңжобасы жұмыстарының жоспары» бойынша ҚР жаңа редакциядағы Қылмыстық кодексін қабылдау қарастырылған болатын. Президент аталған кодекске қол қойып, ол 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Жаңа редакциядағы Кодекс әзірлеудің тағы бір қажеттілігі оны ел Конституциясының жаңа нормаларымен, сонымен қатар, осы уақытқа дейін ратификацияланған халықаралық келісімдермен сәйкестендіруге қатысты болып табылады. Жалпы, қылмыстық заңнаманы ізгілендіру Елбасы Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес болуы шарт. Айта кететіні, бұрынғы Қылмыстық кодексте бар экологиялық қылмыстардың барлық құрамы жаңа қылмыстық заңнамаға көшірілген, сондай-ақ олар диспозициясы бойынша айтарлықтай өзгермеген. Сонымен, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікті реттеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын әлі де болса жетілдіру керек деген қорытындыға келдік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бринчук М.М. Экологическое право (Право окружающей среды), - М.:Юрист, 1998.-126-128с.;
2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан.- Караганда: Арко, 2009. 239-240с.;
3. ҚР Экологиялық кодексі: 2007 жыл 9 қаңтар//<http://adilet.zan.kz/>;
4. Еркінбаева Л.К., Бекишева С.Д. Экологический кодекс Республики Казахстан: Проблемы обеспечения экологической безопасности и устойчивого развития РК // материалы научно-практической конференции / пол ред. Кенжетоева Д.Т.,- Караганда: 2007.- 19-26с.;
5. ҚР Еңбек кодексі: 2007 жыл 15 мамыр//<http://adilet.zan.kz/>;
6. ҚР ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі: 2001 жыл 30 қаңтар;
7. ҚР Қылмыстық кодексі: 1997 жыл 16 шілде // <http://adilet.zan.kz/>;
8. Архив ДВД Карагандинской области;
9. Трофимец С.С. Правовое регулирование обращения с отходами производства и потребления., дисс.канд.юрид.наук, Уфа, 2006-147с.

ӘОЖ 349.41

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Нысанбаева Перизат Нурманқызы

Nysanbayeva_p@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана,Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тулеубаева Г.Ж.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жер табиғи ресурс ретінде, Қазақстан Республикасының халық өмірінің негізі болып белгіленген [1]. «Қазақстандықтардың көңілін алатын сұрақ- жер туралы сұрақ. Онымен елдің салт- дәстүрлері және адам тағдырлары байланысқан, олардың келешек ұрпақ алдында жауапкершілігі», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз үндеуінде ерекшелік айтты. Біздің негізгі жұмысымыз еліміздің басты байлығы деп саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты болғандықтан, ауыл шаруашылығындағы жерлердің экономикалық, саяси-әлеуметтік дамуына тигізетін әсері мен алатын орны туралы тоқталған жөн. Тәуелсіздік алған жылдан бері Мемлекет басшысының елімізді гүлдендірудегі мақсатына, осыған сәйкес Үкіметтің алдына қойған стратегиялық жоспарларына сай жүргізіліп келе жатқан жер реформасы қазіргі күні өзінің шешуші сәтіне аяқ басты. Елімізді жер қатынастарын жаңа заман талаптарына сай негізінде айқындап, тұрақтандыруға бағытталған, жер байлығымызды ел байлығына айналдырудың маңызды мәселелерін шешуге бағытталған жер заңнамасы қалыптасты. Осы тұста біз жердің өзіне тән ерекшелігін, маңызы мен мәртебесін есте ұстауымыз қатжет.

Жер - өндіріс құралы. Адамдар жерді пайдаланып жұмыс істейді. Оның үстіне ол- өндіргіш күш. Себебі, жерге бидай тұқымын ексең, ол күзде бірнеше есе көбейіп шығады. Енді осылардың сыртында жер- табиғи фактор. Бүкіл жаны бар тіршілік оның аясында дамиды. Одан құат алады. Осындай үлкен ерекшеліктеріне байланысты адамдардың жермен қарым- қатынасы бірнеше заңдылықтар бойынша реттеледі. Жерді сақтау, қорғау мәселелерін, жерді өндірістік тұрғыдан игеру, оның күтіміне мән беру, басқа да ерекшеліктерін ескеру мәселесін көбінесе Жер Кодексі қозғайды [2]. Жер ресурстарын басқару агенттігі құзырында, мемлекеттік стратегияға сай оның міндеттерін анықтап орындалуын қамтамасыз етеді. Ал еліміздің жер қорларын тиімді пайдаланудың заман мен қолданыстағы экономикалық қатынастарға сай жолдарын қарастыру және енгізу,оны қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша еліміздің жер заңдылықтарында,